Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Боранқұл» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

# «Жасыл шырша»

(ашық оқу іс-әрекеті)

Өткізген:Келдибаева.Л.Т

«Айгөлек» кіші тобы

2022ж

Scanned with ACE Scanner

Ұйымдастырылған ашық іс- әрекеті:Таным

Тақырыбы : «Жасыл шырша»

Мақсаты:
Білімділігі: Балаларды қоршаған ортамен таныстыра отырып,қыс мезгілімен қыстағы ауа райындағы құбылыстармен таныстыру,балаларға шырша туралы түсінік беру. .Шыршаның түсі әрқашан жасыл түсте болатындығын және жаңа жылда барлық адамдарға қуаныш сыйлайтынын ұғындыру.Есте сақтау қабілетін дамыту.Үлкен кіші,біреу көп ұғымын бекіту, түстерді ажыратқызу.

Тәрбиелілігі:Балаларды ұқыптылыққа, шапшаңдыққа , шыдамдылыққа тәрбиелеу

Дамытушылығы: Үлкен- кіші,біреу- көп ұғымын бекіту,түстерді ажыратқызу,білімін кеңейту.Ойындар арқылы баланың ой өрісін кеңейту,саусақ бұлшықеттерін ,дене белсенділігін дамыту,шығармашылыққа баулу,ұжымдық жұмыс жасауға ,достыққа баулу.

Көрнекілігі: Қысқы табиғат көрінісі,шыршалар,дамытушы ойындар,орман жануарлары муляжі,бес саусақ таяқшалар,ақ қағаз, ,шырша қиындылары,үнтаспа ,жасанды қар шашатын аппарат, белсенді тақта,ормандағы шыршалар, шырша қиындысы, ақ парақ, желім,тауды,қарды бейнелейтін материалдар(қалытқы,мақта),пластик түтікшелер,аудио дыбыс.
**Әдіс тәсілдер**: көрсету,түсіндіру,бақылау,сұрақ жауап,ғажайып сәт,өнер орталығы,жеке жұмыс,ойындар,оқу қызметін пысықтау.
Пәнаралық байланыс: қоршаған орта,сөйлеуді дамыту,дене тәрбиесі,музыка,құрастыру, көркем әдебиет,жапсыру

| **Әрекет кезеңдері** | **Педагогтың іс- әрекеті** | **Баланың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық Қозғаушы күш** | Ұйымдастыру<br>Бес саусақ таяқшалары арқылы балалармен амандасу<br><br>**Шаттық шеңбері**<br><br>Біз бақытты баламыз,<br>Айтқан тілді аламыз.<br>Айтқан жерге барамыз.<br>Дос боламыз бәріміз<br>Сәлемдесіп аламыз<br>Сәлем,сәлем,сәлем!<br><br>Балалар ,қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Далада ауа- райы қандай болып тұр?<br>Қыста біз қалай киінеміз?<br>Басымызға,үстімізге,қолымызға не киеміз?<br>-Балалар, жаңа жылға аз күн қалды,ал біздерге керемет қуаныш сыйлайтын ағаш бар.Мен сендерге жұмбақ жасырайын | Балалар қолдарындағы бес саусақты алақан ды беттестіріп тәрбиешіге аман дасады<br><br>қыс<br>салқын<br>жылы<br>қолғап,бөрік,тон |

Scanned with ACE Scanner

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырушы қозғаушы күш** | **Жұмбақ**<br><br>**Ине,ине, көп пісте**<br>**Қысы жазы бір түсте**<br>**( шырша)**<br><br>Экраннан орманның ,шыршаның суретін тамаша лайды - Балалар, бұл не?<br><br>Иә,балалар бұл шырша жазда да қыста да осы күйі өзгермейді,жап- жасыл боп тұрады.Ауа райын тазартып,хош иіс береді.Ал,балалар қыс түссе де аулымызға әлі қар жаумай жатыр,кәне бәріміз қарды ауылымызға қарай үрлеп,ұшырайық<br><br>Ойын: **«Қар ұшыру»**<br>**Ойын шарты:** файлдағы қалытқы түйіршікте рін пластик түтікше арқылы үрлеу<br><br>**Тосын сәт**<br>Қоян келеді.Балаларға амандасады.Педагог: қоян, амансың ба,қайдан келесің?<br>Қоян:- жаңа жыл болса келіп қалды,ал менде жасыл шырша жоқ,мен балалардан көмек сұрай келдім.<br>Педагог :балалар,қоянға көмектесеміз бе?<br>Ендеше, өнер орталығына барайық,қоянға шырша дайындап берейік.<br><br>Балаларға жүрмелі тақтаға жапсыру әдісін көрсетеді.Қиылған шырша бейнесінің бетіне жағына желім жағып,оны ақ қағаз бетіне орта тұсына желім жаққан жағын астына қаратып жабыстырамыз,бетін жәймен сипаймыз.Міне, шыршамыз дайын болды<br><br>Ал,енді балалар өздерің жапсыра қойыңдар.<br>Балалар, сендердің барлықтарыңның да шыршаларың қандай керемет,әдемі боп шығыпты .<br>-Қоян,бұл шыршаларды балалар саған сыйға тартады,қабыл ал.<br><br>Қоян:балалар сендерге көп- көп рахмет.Шырша ларың қандай әдемі сұлу.Мен жаңа жылды осы шыршалармен қарсы аламын.<br>Енді сендермен . бірге көңіл көтергім келіп тұр .Менің қасыма келе жинала қойыңдар | Шырша<br><br>Шырша<br><br>Балалар файлдағы қалытқы түйіршіктерін түтікше арқылы үрлейді<br><br>балалар амандаса ды.<br>қоянды аяйды<br><br>көмектесуге келі седі<br><br>жапсыру жұмысын орындайды<br><br>қуанады<br><br>қоянның қасына жиналады |

Scanned with ACE Scanner

| | | |
|---|---|---|
| | **Сергіту**<br>Ұзын құлақ сұр қоян<br>Естіп қалып сыбдырды<br>Ойлы,қырлы жерлермен<br>Ытқып,ытқып жүгірді<br>Қарап еді артына<br>Қиығын сап көзінің<br>Келе жатқан томпаңдап,<br>Көжегі екен өзінің.<br><br>Қоян балаларға рахмет айтып қоштасады<br><br>Балалар даламызға қар жауып қалыпты,кәне, бәріміз аққала жасап алайық<br><br>Ойын: **«Аққала құрастырамыз»**<br><br>Шарты: қағаздан қиылған дөңгелек пішіндерді ретімен қою керек(үлкен,кішілеу,құрттай<br><br>Балалар,сендер орманға барғыларың келе ме? Ормандағы шыршаны өз көздеріңмен тамашала ларың келе ме?<br>Қоян: балалар мені де ала кетіңіздерші,мен орманға баратын жолды білемін.Орманға бару үшін осы жерде үлкен тау бар,таудан өтіп алсақ,ар жағы орманға жетеміз,ол жақта көп шыршалар өседі<br><br>Ойын: **«Таудан өтеміз»**<br>Шарты: Сырғанаққа баспалдақ арқылы сатылап мініп, келесі бетке сырғанап түсу.<br><br>Міне, орманға да жеттік.Табиғат қандай тамаша! айнала аппақ қар,жап- жасыл шыршалар.<br>-Балалар сендерге ормандағы шыршалар ұнады ма?<br><br>Шыршалардың түсі қандай?<br>-Қай шырша үлкен?<br>-Қай шырша кішкентай?<br>Аяз ата ормандағы барлық шыршаларды баптап қорғайды,қазір өзі де келіп қалар келіп қалар,біз дер қол ұстасып дөңгеленіп, шыршадан айналып ән салайық.<br><br>Ән: **«Шырша жыры»**<br>Үнтаспада музыка ойнап тұрады<br>Қоян: балалар аяз атаны шақырайық<br>Аяз ата ауу,аяз ата ауу | сергіту жаттығуын орындайды<br><br>сау бол қоян<br><br>Аққала құрастырады<br><br>Иә<br><br>келісімін береді<br><br>ойынға қызыға қатысады<br><br>иә<br><br>жасыл<br><br>шыршадан ән айтып айналады |

Scanned with ACE Scanner

| | | |
|---|---|---|
| | Міне, орманға да жеттік.Табиғат қандай тамаша! айнала аппақ қар,жап- жасыл шыршалар.<br>-Балалар сендерге ормандағы шыршалар ұнады ма?<br><br>Шыршалардың түсі қандай?<br>-Қай шырша үлкен?<br>-Қай шырша кішкентай?<br>Аяз ата ормандағы барлық шыршаларды баптап қорғайды,қазір өзі де келіп қалар келіп қалар,біз дер қол ұстасып дөңгеленіп, шыршадан айналып ән салайық.<br><br>Ән: **«Шырша жыры»**<br>Үнтаспада музыка ойнап тұрады<br>Қоян: балалар аяз атаны шақырайық<br>Аяз ата ауу,аяз ата ауу<br>Осы кезде аяз ата келеді.- Саламатсыз ба ,Аяз ата, біз сіздің орманыңызға келдік<br>Аяз ата: Амансыңдар ма,балаларым!<br>Мен сендердің әндеріңді естіп өзім де келе жатыр едім,маған арнап,менің шыршама арнап тақпақ айтсаңдар менің сендерге арнап дайындаған тәттілерім бар.<br>Аяз ата барлық балаларға тәтті үлестіреді.<br>Аяз ата: Ал енді,қоянжан келе жатқан жыл сенікі, құтты жыл болғай!<br>Еліміз тыныш,жеріміз ырысты,мерекеміз ұлысты, Балаларымыз білімді де ақылды, бақытты болсын!<br><br>.Ал,балалар аяз күшейіп барады ,қайта қойыңдар.<br>Педагог: балалар мына жерде аңдардың ізі бар екен,сол іздермен жүрсек тез жетеміз<br><br>Ойын: **«Қай аңның ізі?»**<br>Шарты:балалар іздердің үстінен басып жүру керек. | қатысады<br><br><br>иә<br><br>жасыл<br><br>шыршадан ән айтып айналады<br><br><br>Балалар аяз ата5а амандасады<br><br><br>тәттіге қуанады<br><br><br>Аңдарның қимылын салып іздермен өтеді |
| **Рефлексті түзету** | **Қорытындылау**<br>Балалар,бақшамызға келіп<br>.Кері байланыс:<br>-Бізге кім келді?<br>-Не жапсырдық?Балалар,біз қайда бардық?<br>Не көрдік | сұрақтарға жауап береді |

Scanned with ACE Scanner






Scanned with ACE Scanner






Scanned with ACE Scanner









Scanned with ACE Scanner